

К.э.н., Шайнуров А.С.

Магистрант: Казбекова М.Ж.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан

Аймақ экономикасының дамуын басқаруда кластерлік жүйелерді ерекшеліктері

Аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырумен қатар, кластерлік әдіс аймақ экономикасының дамуын басқаруда ерекше орын алады. Кластер өндірістік компаниялардан тұрады, олардың әрбірі кластер құрамындағы компаниямен бәсекелестіктен елеулі ұтысқа ие бола алмайды. Сонымен қатар, кластер компаниялары мамандандырылған ресурстарды (бизнесі жүзеге асыру үшін аймақта кәсіби персоналдың және арнайы инфрақұрылым) пайдаланумен байланысты жақын орналасудан ұтымды бола алады. Кластерлердің тиімді дамуы әлемдік нарыққа бағытталған ірі өндірісі ті көздейді. Бұл тұрғыдан алғанда кластерлер дамуы үлкен аймақтардың кең экономикалық кеңістікке алмасуын қажет етеді .


Әлемдік тәжірибені іріктей отырып кооперациялық-шаруашылық өзара қатынасының классикалық түріне қарағанда кластерлік жүйелер келесі жалпы ерекшеліктерімен сипатталады:

- жүйенің ұзақмерзімді шаруашылық, инновациялық және басқа стратегиясын анықтайтын бір немесе бірнеше кәсіпорындар болуы;
- араларында бәсекелестік қатынастыр болуы – картель немесе қаржылық топтан айырмашылығы;
- кластерлік жүйенің қатысушылары – шаруашылық субъекттердің негізгі бөлігінің аймақтық оқшаулығы;
- кластерлік жүйенің қатысушылары – барлық шаруашылық субъекттердің тәуелсіздігі (нарықта өз бетінше қызмет ету, жаңа тауарларды, жаңа технологияларды игеру мүмкіндігі және т.б.);

– кластерлік жүйенің қатысушылары – шаруашылық субъекттердің шаруашылық байланыстарының тұрақтылығы, қатысушыларға осы байланыстардың маңызды болуы;

– қатысушылардың өндірістік бағдарлама, инновациялық үдерістер, басқарудың негізгі жүйелері, сапаны бақылау және басқа да қызметтерде ұзақмерзімді үйлесімді арақатынасы.

Кластерде желілердің болуы оның сипаттамалық ерекшелігі. Кластердің жалпы құрылымы 1 суретте көрсетілген [2, б.80].



Ескертпе – дерек көзі [2, б.80].

Сурет 1. Кластердің жалпы құрылымы

Кластерлер бірнеше сипаттамалар бойынша топталатынын көрсетті:

– аумақтық: жергіліктен бастап жаһандыққа дейін экономикалық белсенділіктің кеңістігін құру;

– көлденең: бірнеше сала/сектор ірілеу кластерге кіруі мүмкін (мысалы, Нидерланд экономикасындағы мегакластерлер жүйесі);

– тік: кластерлерде өндірістік үдерістерді үйлесімді кезеңдер болуы мүмкін. Мұнда, кластер шеңберінде желі қатысушыларының қайсысы иновацияны бастаушы және орындаушы екендігі маңызды;

– латералды: жаңа комбинацияларға әкелетін масштаб нәтижесі есебінен үнемдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін түрлі секторлар кластерге бірігеді (мысалы, мультимедиялық кластер);

– технологиялық: бір технологияны қолданатын салалар жиынтығы (мысалы, биотехнологиялық кластер);

– фокустық: бір орталықта – кәсіпорын, ҒЗИ немесе оқу орнында шоғырланған фирмалар кластері;

– сапалық: мұнда фирмалармен қатар оның сапасы маңызды;

– кластердің құрылымы бойынша;

– кластердің біртекті түрі-кластерге қатысушы нақты кәсіпорынның артықшылығы жоқ бірнеше кәсіпорындардан тұратындығын түсіндіреді;

– фокалдык немесе ядролық, кластерлік жүйенің қатысушыларының қызметін реттейтін жетекші қатысушысы бар;

– кластердің желілік түрі аймақтық жақындықта орналасқан субмердігерлік фирманың қызметін пайдаланатын бір ірі емес жетекші кәсіпорыннан тұрады.

Жоғарыда аталған кластерлік жүйелердің ерекшеліктерінен басқа кластер шеңберінде 1 кестеде көрсетілген оң нәтижелердің пайда болуын ескеру қажет.

Кесте 1- Кәсіпорын кластері шеңберінде пайда болатын оң нәтижелер

Нәтиже	Нәтиже мазмұны	Нәтиженің салдары
1	2	3
1. Өндіріс масштабы нәтижесі	Қарсыластар, сатып алушылар және жеткізушілердің шоғырлануы өндірістің тиімді мамандануына ықпал етеді	Өндірістік тізбектің барлық қатысушыларының өнім өндірудегі құралдарды

		үнемдеу
2. Ауқым нәтижесі	Бір уақытта өнімнің бірнеше түрін өндіруге пайдалануға болатын өндіріс факторы	Оны тапсырумен байланысты трансакциялық шығындарды минимизациялау, көпфункционалды фактор
3. Синергия нәтижесі	Өнімді стандарттау	Өндірісте шығындарды минимизациялау
4. Тікелей және кері байланыс нәтижесі	Жаңа комбинацияларды пайдаланатын басқа саланың өнімін тұтынатын өнеркәсіпте оларды пайдалануға ауысуды қолдайды. Басқа жағынан, жаңа комбинацияларды қолдану жолындағы кәсіпорындарға өз өнімін ұсынатын салалар сұраныстың жоғарылауы есебінен дамуға күш алады.	Жаңа комбинацияларды қолдануды кеңейту және де тиімсіз деп есептелген көне өндірістік мүмкіндіктерді сақтау есебінен экономикалық өсу.
5. Триггерлік нәтиже	Бастапқы инновацияны жүзеге асыру жалғыз фирма үшін үлкен шығынды қажет етеді. Ал кәсіпорын кластерлерін құрғандағы өнім өндірудің ұлғаюы инновациялық қызметке кеткен шығындарды орнын толықтырады.	Қосымша өзгертулерге шығындарды минимизациялау түрлі инновацияларды енгізуге мүмкіндік береді
Е с к е р т п е – өңдеген автор.		

Кластер желілік құрылым екендігін анықтап, кластердің коммуникациялық желілерінің құрылымын қарастырайық, олардың ішінде екі негізгі түрін бөлуге болады: тік және көлденең (Кесте 2).

Тік интеграция бір өндірістік үдерістің үйлесімді кезеңдерде жұмыс атқаратын компаниялардың бірігуі нәтижесінде құрылады. Индустриалды типті экономикаларда тік желілік үлгілер яғни ірі өндірістік бірлік шеңберінде құрылған иерархиялық құрылымдар орын алған.

Көлденең үлгі шағын және орта бизнестің ұйымдастыру аралық байланыстармен ерекшеленеді. Бұл икемді мамандануды пайдалануға, келісім-шарттарды қабылдауды жеңілдетуге және жаңалықтарды таратуды жеделдетуге

мүмкіндік береді.

Кластер анықтамаларының көптігіне қарамастан, кластер түсінігін кеңейтуге болады, олардың мазмұны келесіде: өзара байланысқан өндірістер тобында максималды қосымша құн өндіру мақсатында кластердің барлық қатысушыларын: жеткізушілер, өндірушілер, тұтынушылар, оқу және ғылыми-зерттеу институттар, қаржылық ұйымдар, шығарылған өнімді таратушы-фирмаларды қамтитын бір технологиялық тізбекке біріктірілген аумақтық шоғырланған кәсіпорындар тобы. Отандық экономикада қаржылық-өндірістік топтар ұйымдастыру тәжірибесі де орын алған, олардың басты міндеті капиталды шоғырландыру және ірі өндірістік құрылымдар құру болуы керек.

Кластерлік жүйе құрудың негізгі қағидаларына жүйеге қатысушылардың интеграциясының технологиялық үдерістің инновациялық бастамасын, шағын және орта бизнес кәсіпорындардың дамуына негізделген субконтрактты қатынастар, кластерлік басқару саясатын жүргізуде мемлекеттің рөлін күшейту және олардың бөлек жұмыс атқарғандағы қосымша құн сомасы сол объекттердің кластеризациядан кейін қосымша құндарынан әрқашан төмен болатын экономикалық қағидасын сақтауды жатқызуға болады.

Әдебиет:

- 1 Афанасьев М., Мясникова Л. Мировая конкуренция и кластеризация экономики // Вопросы экономики. – 2005. - № 4. – с. 75-86.
- 2 Тулегенова М.С. Кластерный подход в создании интегрированных структур. -Алматы: 2004. 117 с.
3. Сейдахметов А.С. Основы экономики и организации кластера: учебное пособие / А.С. Сейдахметов. - Алматы: Экономика, 2011. - 276с.